

Бекітемін:
ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы

меңгерушісі: Убайдуллаева Ж.М



ЕРТЕҢГІЛІК

«Құтты болсын Жаңа жыл!»

«Балапан» ортаңғы тобы

Өткізген тәрбиеші: Абиева Айгул

2024жж

Құтты болсын, жаңа жыл

Мақсаты: Қысқы табиғаттың әсемдігін балаларға сезіндіру, жаңа жыл мерекесі, жаңа жыл шыршасы туралы.

«Аяз ата», «Ақшақар», кейіпкерлері туралы түсіндіріп, мерекелік әсер қалыптастыру. Алған әсерлерін сөзбен жеткізе білуге қабілеттерін дамыту. Әсемдікке тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Шырша, шарлар, плакаттағы жаңа жылдың суреттері және құттықтау сөздер.

Балалар шыршаны айналып жүреді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балабақша қызметкерлері, және кішкентай сүйкімді бүлдіршіндер, бүгін тағы да, бір белестен өтіп, жаңа жылды қарсы алғалы тұрмыз.

Бәріңізде қош келдіңіздер! Жаңа жыл баршаңызға бақытты, болашаққа үміт, жаңа бастамаларға, жемісті табыстарға және жарқын келешек сыйласын.

Жүргізуші: Балалар бүгін қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл мерекесі

Жүргізуші: Жаңа жыл мерекесі жылдың қандай мезгілінде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде болады.

Жүргізуші: Балалар мен жұмбақ айтамын, сендер жауабын табасыңдар.

Қыста ғана болад, ұстасаң қолың тоңады? Ол не?

Балалар: Қар

Жүргізуші: Жаңа жыл мерекесінде не болады?

Балалар: Шырша

Жүргізуші: шыршаның түсі қандай болады?

Балалар: Жасыл болады

Жүргізуші: біздер бүгін жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз

Жаңа жыл мерекесіне кімдер келеді?

Балалар: Аяз ата мен ақшақар келеді

Жүргізуші: Балалар біздің шыршамыз әдемі бірақ шамдары жанбай тұр екен бізге кім көмектеседі.

Музыка әуенімен

Сиқыршы және Күлдірген кіреді

Сәлеметсізбе балалар жаңа жыл құтты болсын

Балалар: Саламатсыз ба

Жүргізуші: Құрметті Сиқыршы ата мен Күлдірген төрлетіңіз, біздің шыршаның шамдары жанбай тұр,сіздер бізге шыршаның шамдарын жағуға көмектесесіз бе?

Сиқыршы: әрине менің сиқырлы таяқшам бар,таяқшамды қай балаға тигізсем сол жақсы сөздер айтса, шыршаның шамдары жанады.Сиқыршы әр балаға таяқшасын тигізеді.

Замира : жаңа жыл құтты болсын

Даниал: Ата-әжемді жақсы көремін

Жұмажан: Достарым көп болсын

Дәмелі: деніміз сау болсын

Жарқынай: Шыршаңыз жайнай берсін

Сиқыршы : о алақай балалар шыршаның шамдары жанды, өте әдемі екен қарандаршы

Күлдірген:

Қане балалар көңілді би билейік

Біздер бүгін ойнаймыз

Сіздермен бірге толаймыз

Барлық бала бақытты

Болса екен деп тілеймін

Көңілді би

Шырша әні

Жүргізуші: Қане балалар Аяз ата мен ақшақарды дауыстап шақырып көрейікші

Балалар: Аууу- аууу аяз ата, ақшақар,аққала кіреді

Аяз ата : Амансындарма ұлдарым

Қырмызы сұлу қыздарым

Өздеріңді сағындым

Көп сыйлығым жоралғым

Ақшақар: Сәлеметсіздер ме кішкентай бүлдіршіндер. Жаңа жыл мерекеңіз құтты болсын. Шыршаларың қандай әдемі керемет

Кел бәріміз бірге тойлайық!

Жүргізуші: Аяз ата мен ақшақар қош келдіңіздер ! қарсы алып жаңа жылда ән салыңыз бізбен бірге, би билеңіз бізбен бірге еріп. Жаңа жыл да жаңаша тақпақ айтамыз, болсын риза балаша әппақ атамыз

Тамаша ән.

Би «қояндар»

Аяз ата. Бәрекелді жаңа жыл тойына ақ қояндарда өз тартуларын әкеліпті.

Аяз ата. Қане балалар, сендердің қандай өнерларың бар?

Тақпақ:

Дамир:

Той мереке салтанат

Думандатты шартарап

Келді міне жаңа жыл

Сыйлықтарын арқалап

Диана:

тамаша сыйалып

Келді аяз атамыз

Шаттанып қуанып

Шырқап ән саламыз

Айкен:

Жаңа жыл, жаңа жыл

Тамаша тойымыз

Алақай, алақай

Өседі бойымыз

АЯНАТ:

Шыршаға бардық

Әсем ән салдық

Аяз атадан сыйлықтар алдық

Медина:

тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Дархан :

Уақыт көп білеміз

Қыс қызығын көреміз

Сары аязды шақырып

Шымыр болар денеміз

Нұрайым:

Біз батыл баламыз

Жылы үй қорамыз

Ақ ұлпа қардан

Аққала саламыз

Раяна:

Қара қыз мынау шыршаға неткен әсем көрікті

Жаңа жылдық думанға

Ақшақарда келіпті

Ақшақар :

Балалар мында менің сіңілдерім бар екен , олармен қаршықтар биін билейік.

Қаршықтар биі

Аққала. Қане балалар менімен көңілді ойын ойнаңдар

Ойын: «Аққала сыпырғышы»

Төрт бала аққаланың сыпырғыштарын алып бір үстелді айналып, әуен тоқтағанда бір бала орындыққа отыру керек.

Жүргізуші: Өте тамаша қызық болып жатыр. Ескі жыл сен неге көңілсізсің

Қой мен сендермен қоштасамын өткен жылымызда жақсы болды, біздің балаларымыз бір жасқа үлкейді.Көптеген жақсы жетістіктерге жеттік.Қой жылы той жылы болды. Келесі жылы да сендерге сәттілік, ауызбіршілік, бейбітшілік, әкелсін, қош сау болыңыздар.

Жүргізуші: Балалар келетін жаңа жыл мешін жылы болады, біздер жаңа жылды карсы алайық.

Мешін: Сәлем беремін баршаңызға мен жаңа жыл боламын.

Жаңа заман, жаңа ел

Күлімдейді кең дала

Болашақтың есігін

Оң қолыңмен аш маған

Барлығыңызға құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл

Балалар дөңгеленіп беилейді.


Кря-кря-кря

Аққала: Мына балалар маған ұнады, мен оларға қаршық сыйлайды келеді.

Ақшақар: Аққала мұның дұрыс емес

Балаларға қар жеуге болмайды, мен осы қаршықты тәттіге айналдырайын.

Ақшақар: Тәттілерді таратады.



Бекітемін:
менгерушісі: Убайдуллаева Ж.М.



Тәуелсіздік тұғырым



«Жұлдыз» тобы

Дайындаған: Құдайбергенова Д.Қ

Тәуелсіздігім-тұғырым!

*Мақсаты:*Балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Оларды Отанды, туған жерді сүюге тәрбиелеу. Отаншылдық сезімдерін қалыптастыру. Тәуелсіз ел екендігімізді түсіндіру. Батырларымыз туралы мәлімет беру.

*Көрнекілігі:*Гүлдер, шарлар, слайд т.б.

Тәрбиешінің кіріспе сөзі. Құрметті ата – аналар, бүлдіршіндер және балабақша қызметкерлері! Егеменді еліміздің тәуелсіздік алғанына 31 жыл толғалы отыр. Жас мемлекетіміз жиырма жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Тәуелсіз еліміз болашаққа айқын бағдар түзеіп, өркениетті елдер қатарына жетуге аяқ басты.Болашақтың тірегі бүгінгі мына бүлдіршіндер. Сәби күлкісі мен ана мейірімінің сәні ешқашан бұзылмасын деп тілейміз. Келе жатқан ұлық мереке құтты болсын!

«Жұлдыз» ортаңғы тобының бүлдіршіндерімен дайындаған «Тәуелсіздігім-тұғырым» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер.

-Балалар, Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алды және егеменді ел болды.

Тәуелсіздік - ата-баба арманы

Тәуелсіздік жеңіс елді шарлады

Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы!

Әнұраным – жан ұраным,
Айтар әнім – сөйлер сөзім,
Туған жерім – сағынарым,
Мәңгі – бақи шырқалады,
Республикам Әнұраны

Гимн орындалады.

1.Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген
Даңқымыз шықты ғой,
Намысын бермеген
Қазағым мықты ғой!
Қ-СЫ
Менің елім,менің елім,
Гүлің болып егілемін.

Тәрбиеші:Слайд көрсету

1992жылы 4-маусымда мемлекеттік рәміздер Елтаңба,Ту,Гимн бекітілді.

Жырың болып төгілемін елім,
Туған жерім менің-Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірігі жарасқан
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Қ-СЫ

«Таңбасыз ел болмайды,найзасыз ер болмайды», -дейді қазақ халқы.Кез келген халықтың өз таңбасы болады.ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы мемлекеттік құжаттарға қойылады.

Шаңырақ.Отан отбасынан басталады.Ортақ шаңырақ биік,босаға берік болсын деген мағынаны,ал уықтар-үлкен үйдің уықтарын шын ниеттерімен қосыла танытқан елшілес ел жұртқа да бай,қуатты тілеймін дегенді білдіреді.Ай мүйізді,алтын қанатты қос пырақ-арыстанның жүректілігін,қыранның қырағылығын,өгіздің қара күшін,еліктің шапшаңдығын,қырмызы қызыл түлкінің жауын жер соқтырар айлакерігін білдіреді.Бес бұрышты жұлдыз

«Бағымыз ашылып,жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл арманды арқалап тұр. Елтаңбаның авторлары-халқымыздың танымал ұлдары-Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман Уалиханов.

Слайдтан қыран құстың суретін көрсету. Сендер мына құсты танысыңдар ма?

Тәрбиеші: -Балалар бұл құсты біз қайдан көруіміз мүмкін?

Балалар:- Еліміздің көк байрағы- тудан көрдік.

Мемлекеттік Ту 1992 жылы 4 маусымда қабылданып,6 маусымда күшіне енді.Тудың ортасында шұғылалы күн,оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, Қыран құс –қазақстандықтардың еркіндігінің, тәуелсіздігінің, бостандығының, жомарттығы мен қырағылығының нышаны қыран құс.

Бұрышындағы оюлар қазақ халқының шеберлігін көрсетеді.

Ал,балалар күніміз әрқашан аспанымыз ашық,күніміз сөнбесін деген мағынаны білдіреді.

Жалаудың ұзындығы 2 метр,ені-1 метр.Жалаудың жобасын жасаған суретші Шәкен Ниязбеков.

Тәрбиеші:

Отан дейміз от жаққан жерімізді

Отан дейміз өсірген елімізді

Биік тау, орман, тоғай, көлімізді

Халықтың енді, міне, жетілгені

Құрыштың білінбейді кетілгені

Аталап Қазақстан ел боп туып,

Үй тігіп, ірге қалап, бекінгені.

Ендігі кезекті Отан туралы тақпақтарына береміз.

Тақпақ: Айнамкөз,Айару,Ақнұр

Амина:

Қазақстан,Отаным!Азат елім!

Мейірімді,қонақжай,ғажап елім!

Қайрат,Ляззат,Сабира үндеп тұрар,

Егеменді,тәуелсіз азат жерім!

Желтоқсанның ызғары артқа салған,

Боздақтарым көздерін жасқа малған.

Сол жастардың жанымен келген жеңіс,

Азаттықтың көк туын қолға алған!

Азаттыққа 30 жыл болды міне,

Қазақстан,Отаным!Байтақ елім!

Аспанымда желбіреп көк байрағым,
Әнұранды жүрекпен айтар елім!

Айару:

Азат елім,ғажап елім-ұзағым,
Бір өзіңсің айнымайтын ғажабым.
Отыз жасқа толып жатсың міне сен,
Ғайып болып басыңдағы азабың.
Сабира мен Лаззат,Қайрат үн қосқан,
Қуат беріп,қайрат беріп көк аспан.
Тәуелсіздік есік ашты айқара,
Отыз жылдық мерекемен ұштасқан!
Құтты болсын 30 жылдық мерекен,
Оуқазағым,азаттықты аңсаған,
Тәуелсіздік мәңгі болсын,тек алға,
Барлық ғалам бір өзіңе тамсанған!

Ақнұр:

Тәрбиеші:Нұрын төгіп бар әлемге,
Сәуле шашып әр күнін,
Жылуымды жер анада,
Қабыл алған әр күнін.-дей келе «Туған өлкем» әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Туған өлкем»

Тәрбиеші:

Кең байтақ туған елім Қазақстан,
Мен сені әрқашанда мақтан тұтам
Алтын дән, мыс, мырышы, мұнайымен,
Баршаны байлығымен таңқалдырған.
Төбеңде көк байрақты желбіретіп,
Жасашы, жасай берші Қазақстан!
Тақпақ. Балжан,Ақниет,Батыр,Мөлдір,Бекасыл

Омар:

Саркылмайтын қуатым,
Тірегімсің, Қазақстан.
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің Қазақстан.

Дамир:

16-шы желтоқсан -
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Атамменен барғанмын.

Дархан:

Отан деген-атамекен,
Отан деген –туған жер.
Отан-ана,Отан үлкен,
Қазақстан-туған ел.

Бекасыл:Бейбітшілік әніміз,
Бауырласпыз бәріміз.
Қазақстан даласында,
Жарасады сәніміз!

Мерей:

Көк байрағың аспанда күлім қағып,
Жасай берші қазағым,елім менің!
Егеменді тәуелсіз азаттықта,
Жасай берші кең байтақ жерім менің!

Тәрбиеші: Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.

16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті.

Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке.

Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков,Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев. Ол қыршын жасын қиды. Оларға үлкен айып тағылды.

Әр қазақтың есінде сақталады

Желтоқсандық өрендер ақталады

Ел намысын қорғаған сарбаздарым

Ерліктерін мәңгілік сақталады. –дей келе балаларымыздың «Тәуелсіз елдің ұланымын» әнін қабыл алыңыздар!

Ән:Тәуелсіз елдің ұланымын

Жарайсыңдар,керемет балалар.Біз өзі қазақ халқы бір шаңырақ астында тату-тәтті,бірлікте,ынтымағы жарасқан елміз.Балалар ендеше мен сендерге бүгін мереке болғандықтан«Бір шаңырақ астында» деген ойын ойнатқым келіп тұр.Сендердің бірліктеріңді,ынтымақтастықтарыңды,татулықтарыңды көргім келіп тұр.

Ендеше ойын «Бір шаңырақ астында»

Тәрбиеші:

Кұтты болсын тәуелсіздік мерекеміз!

Мықты болсын еліміздің керегесі.

Жүректе намыс оты лапылдаған,

Күш-жігері жастардың сарқылмаған.

Әлі де шығар алаңға Отан үшін

Қарсы аққан өзеннен өтетіндер.

Жүректе намыс оты сөнбейді

Кезінде ызғарына аяздың төзгендей–ақ

Түсінеміз, ұғамыз

Бұл күннің онайлықпен келмегенін.

Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

Тәрбиеші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз.

Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз

елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың
ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Бекітемін:
ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы
меңгерушісі: Әріпбай Б.Ө.



ЕРТЕҢГІЛІК

«Қош, балалар бақшасы!»

«Жұлдыз» ересек тобы

Өткізген тәрбиеші: Таттибаева Дильбар

2024ж

Қош, балалар бақшасы!

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер, қонақтар! Бүгін біздің мерекеміз ерекше. Себебі, бүгін бірнеше жыл мәпелеп өсірген, білім нәрімен сусындап, оң-солын танып, білім жолына қадам басқалы отырған бүлдіршіндерді ұямыздан ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз. «Қош, балалар бақшасы» ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Өтті қызық көп күндер,
Бес жасқа жеттіңдер.
Барасыңдар мектепке
Бір білестен өттіңдер.
Өсті, міне бойларың,
Өсті міне ақыл-ойларың.
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойларың!

Айтылатын жақсы тілек қаншама. Өлең айтып, би билеп, өнерлерін көрсетсінші баршаға!- деп ортамызға қол соғып, қошеметпен шақырайық балдырған түлектерді.

1. *Тобымыздың ең мейірімді, ақ жарқын әнші қызымыз Айғанымды қарсы алыңыздар.*
2. *Гүлдей нәзік, күндей сұлу ерке қыз Аруды қарсы алыңыздар.*
3. *Тобымыздың атақты бишісі Жансаяны қошеметпен қарсы алыңыздар.*
4. *Сегіз қырлы, бір сырлы намысшыл жігіт Нұржігітті қарсы алыңыздар.*
5. *Тобымыздың суретші қыздары Әмина мен Ақсезімді қарсы алыңыздар.*
6. *Тобымыздың кербез де, сұлу қызы Сымбатты қарсы алыңыздар.*
7. *Тобымыздың сүйкімді де, сүйікті балалары Мирас пен Бибарысты қарсы алыңыздар.*
8. *Тобымыздың білімді де дарынды балалары Айбек пен Мейірхан.*
9. *Ортамыздың ажары, еңбек десе ерінбейтін, еңбекқор қыздары Асылы мен Саиданы қошеметпен қарсы алайық.*

Жүргізуші:

Айналайын гүлдерім,
Ақшуақты күндерім
Ерекше қызық тілдерің
Естен кетпес үндерің
Алуға терең білімді,
Мектепке кетіп барасыңдар
Сәтті болсын жолдарың.
Құтты болсын тойларың!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Сөз: «Балауса» балабақша меңгерушісі Торланбаева Надира Агабекқызына беріледі.
Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері Дарханбаева Мадинаға беріледі.

Жүргізуші:

Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,
Көңілді күндер толсын алдан әлі
Әсем бимен, түрлі өнер
Бүгінгі күн сіздерге арналады- деп, ұл қыздарымыздың орындауында
Ән: Хор «Біз мектепке барамыз»-өлеңін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Мектепке кетіп барады, тақпақ айтып бір-бірден, қимай кетіп барады,-дей отырып ортаға балалардың өз тақпақ өлеңдерін атыуға шақырамыз.

1. Аянат :

Құшағында жарқылдап, өтті сәби күндерім
Би биледім, ән, тыңдап, алаңдауды білмедім.
Гүлге толы жан-жағым, асыр салып жүгірдім
Өсті талап-талғамым, көп нәрсені ұғындым.
Сен үйреттің сөйлеуді, сенде ойым есейді.

2. Ұлжалғас:

Ана тілім ардақтап,
Ана салтын біз көрдік
Сурет салып, ән жаттап
Оқып, жазып үйрендік.
Сүйген өз қызын, өз ұлын
Бөбегім деп аянбай,
Балабақша өз үйім
Апай болды анамдай.

3. Ақбота:

Қош балалар бақшасы,
Естен кетпес есімің
Қош, балалар бақшасы
Алғаш ашқан есігім

4. Мухаммедали:

Спасибо нежно говорим
Мы воспитателям своим
Еще признаемся мы вам
Похожи вы нан наших мам
Спасибо вам сто тысячи раз
Всю жизнь пудем помнить вас.

5. Алинур:

Бақшадағы күндерді
Есімізде сақтаймыз
Тәрбиеші еңбегін
Бәрімізде ақтаймыз.

6. Алинур:

Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз
Қоштасып бала бақшамен
Мектепке кетіп барамыз.

7. Мұхаммедәлі:

Қуанамыз сыйлаймыз,
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.

Жүргізуші: Көктем жаздың кереметі көп екен, көбелектер әсем гүлдің сәні екен, шақырайық олай болса ортаға биші топты «Көбелектер» биімен.

Би: «Көбелектер» (Асылы, Саида, Айғаным, Әмина, Ақсезім)

Жалмауыз кемпір: (Жүгіріп көңілді музыкамен кіреді.)

-Үлгердім, үлгердім-ғой әйтеуір, Уһ!

-Қашан басталды, 5 минуттай болдыма?

-Сәлемесіндер ме, балалар!

Балалар: Сәлемесіз бе!

Жалмауыз кемпір: Менің атым кім?

Балалар: Әртүрлі аттар айтады

Жалмауыз кемпір: Танысады, мен де сендер секілді түлекпін, менде мектепке барамын, мен жылда барамын, он жыл болды бірінші сыныпта оқығаным. Сендерде «Қош бол, балабақша» болып жатыр деп асығып тез жеттім.

Неге көңілсізсіңдер, би, өлең қайда? Тағы да мектепке барғыларың келеді, ештеңе білмейсіңдер ме? Сендер бес жыл бойы не үйрендіңдер?

Балалар: Жоқ, біз бәрін білеміз

Жалмауыз кемпір: Сендер білесіңдер ме, мектепте сабақта қалай отырады, үзілісте не істейді? Олай болса менімен ойын ойнайсыңдар ма?

Балалар: Иә

Ойын: «Үзіліс және сабақ» (Көңілді әуен ойналады)

Жалмауыз кемпір: Жарайсыңдар, көңілім бір көтеріліп калды-ғой!

Шығыс әуенімен сиқыршы кіреді

Сиқыршы: Ой қандай керемет, қызық)

Сәлеметсіңдер ме сүйкімді де, аяулы балалар, О, ата-аналар, сіздерге де сәлем!

Жүздеріңізде қуаныш көрініп тұр ғой (таң қалады)

Жалмауыз кемпір: Сәлем, (артында тұрып сөйледі)

-Сен кімдікісің?

-Сен кімсің?

-Кімнің атасысың?

-Неге халтпен келдің мерекеге?

Сиқыршы: Шынымен сен мені танымай тұрсың ба?

Жалмауыз кемпір: А-а, балалар бізге мерекеге жаздық Аяз ата келді!

Сиқыршы: Білімсіз, сен білесің бе мен кімін?

-Мен, Ұлы, атақты ертегі елліндегі сиқыршымын

-Қап, бәлем, қазір мен сені тасқа айналдырып жіберейін бе?

Жалмауыз кемпір: Қорқып, қой-қой дейді.

Сиқыршы: Сен маған айт, мен өзі қайда келдім, балалар сондай әдемі, әйбат, ата-аналардың қуанышында шек жоқ.

Жалмауыз кемпір: Бүгін балаларда «Қош, балалар бақшасы»

Сиқыршы: Немен қоштасып жатыр дейсің?

Жалмауыз кемпір: Балабақшамен

Сиқыршы: А-а, сонда бұлар оқушы бола ма? Оқушылар немен ерекшеленеді?

Жалмауыз кемпір: Киімдерімен

Сиқыршы: Дұрыс емес, білімдерімен. Ендеше маған көрсетіндерші, бақшада не үйренгендерінді

1. Бір жылда неше мезгіл бар?

2. Кемпірқосақта неше түс бар?

3. Еліміздің Президенті кім?

4. Қай пішінде бұрыш жоқ?

5. Төрт түлік малды атаңдар.

Жүргізуші: О, Ұлы Сиқыршы, сен біздің балалардың тақпағын тыңда

1.Айбек:

Бұл қуаныш себебін
Бізге қарап ұғындар
Ер жетті деп бөбегім,
Туған отан қуансын
Туған дала қуансын!

2.Әмина:

Бұл алғашқы қадамым
Таудай менің талабым
Білім нәрік алуға
Мен мектепке барамын.

3.Алинур:

Мектепке енді барамын
Үлгілі оқушы боламын
Жақсы оқып сабақты
Кілең бестік аламын.

4. Мад:

Бәріміз сүйіп өскен
Ақыл бізге үйреткен,
Тәрбиеші апайларға
Бас иеміз құрметпен!

5.Асылым:

Біз бақытты баламыз
Жетіліп ой санамыз
Бақшаменен қоштасып
Мектепке кетіп барамыз
Бұл күндерді қиялдап
Сағынамыз әлі-ақ біз.

6.Айкен:

Қуанамыз, сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызды қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.

Сиқыршы: Өте жақсы!

Жүргізуші: Әсем әнмен арайлап таң атады

Бар жүрекке нұрын құйып датады,

Мерекеге арналған әсем әнмен

Ару, Жансаяны шапалақтап қарсы алайық

Ән: «Балдырған» (Ару, Жансая)

Жалмауыз кемпір: Мынау не? Не әкелгенсің? Телевизордың каропкасы ма?

Сиқыршы: Жұмбақ жасырады. «А» әріпінен басталады, «я» әріпінен аяқталады.

Балалар: Бұл «Әліппе»

Сиқыршы: Дұрыс. Бұл білімнің кілті

Жалмауыз кемпір: Таң қалады, қолынан ұстап менде мұндай болған жоқ, содан екенғой бірінші сыныпта он жыл отырғаным

-Ендеше Әліппені қойып қой. Бәріміз бірігіп жасырынбақ ойынын ойнайық.

Ойын. «Жасырынбақ»

-Екі қолдарыңмен көздеріңді жабыңдар, ата-аналар сіздерде

-Енді ашамыз (3-4 рет қайталау, 5 ке дейін санату, бәрі көздерін жұмғанда жалмауыз кемпір әліппені ұрлап кетеді.)

Сиқыршы: Әліппе қайда?

Балалар: Жалмауыз кемпір ұрлап кетті

Сиқыршы: Ақыры өз ісін істеді ғой

-Мен Ұлы Сиқыршымын-ғой, мен қазір әліппені де, Жалмауыздыда қайырамын (Сақалын жұлып)сиқырлы сөздер айтады: мах-мах-бабах

Әліппені балалар арасынан іздейді таппайды

-Ой-ой мен сиқырлы сөздерімді ұмытып қалыппын ғой

Балалар есіме түсіру үшін, бір өнерлеріңді тамашалап жіберейікші

Жүргізуші: Ұл қыздарым көңілді

Шақырамыз ортаға

Тойымызға сән беріп

Би билесін шаттана

Би: Испан биі (Мейірхан, Мирас, Нұржігіт, Жансая, Ару, Сымбат)

Жалмауыз кемпір: Әліппені алып келді, Ей, Сиқыршы мына әліппе ашылмады, барлық тәсілдерімді пайдаландым.

-Сен Қытай Сиқыршысы болғаның ба?

Сиқыршы:Әп, бәлем, келдің бе, бұл әліппе сиқырлы, бер маған

Жалмауыз кемпір: Бермеймін, балалар маған өнерлерін көрсетсін

Жүргізуші: Ендеше ән айтып, би де билеп жан салады, бұл мерекеде ән салғанда бүкіл қонақтар шапалақтап, Әмина,Айғаным, Жансаяны Айгөлек әнімен қарсы алады.

Ән: «Айгөлек» (Әмина,Айғаным, Жансая)

Жалмауыз кемпір: Әліппені қайтарып береді.

Сиқыршы: Әліппені ашады.

Дауыс:

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Мектепке енді барыңдар

Үлгілі бала болыңдар.

Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік алыңдар.

Көк жүзінде самғандар

Тауды бұзып тас жарып,

Мұхиттарды жалғандар

Ғарышқа да самғандар

О, жараңдар, жараңдар!

Қәне, мұнда қараңдар!

Олай болса балалар,- тентек болмауға, сабақты жақсы оқып, әдепті болуға ант етіңдер!

Балалар: Ант етеміз! Ант етеміз! Ант етеміз!

Сиқыршы мен Жалмауыз кемпір балаларға әліппені беріп, қоштасып кетеді.

Жүргізуші: Жиналған қауып таң қалсын, ән бимен шашу шашылсын. Мың бұралған бишілер, бимен кешті жалғасын.

Би: «Тұлпарым» (Ару, Жансая, Нұржігіт, Мейірхан)

Ән: «Қошақаным» (Саида, Айбек,Жансая)

Балалар балабақша қызметкерлеріне арнап тақпақ айтып, гүл сыйлайды.

Ұлжалғас:

Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтан да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан

Айкен:

Жайдары жүз әдіскер,
Жүреді бізді айналып.
Білгенімді сұрайтын
Ақыл айтып тұратын.

Маді:

Денсаулыққа болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбігер
Қамқоршы дәрігер

Аянат:

Тәтті тағам ішіп,
Бал татыған ән айтып
Мың бұралып биледік,
Секірдік те ойнадық.

Ақбота:

Біздер үшін еңбек еткен шаршамай,
Баршамызға рахмет апайлар
Балабақша көркі болсын әрқашан
Кейінгі бүлдіршін балғын балалар.

Жүргізуші:

Жаңа өмір басталды,
Үміт сенім ақталсын.
Ұмытылмай балабақша вальсі
Көңілде мәңгі сақталсын.

Би: Вальс (Ақбота, Алинур, Мухамедәлі, Аянат, Алинур, Салиха, Айбек, Маді, Айкен)

Ойын: «Кім жылдам» (ата-аналармен)

Жүргізуші: Әрбір ұрпақ болашағымыдың алтын діңгегі. Ендеше ұрпақты өмірге әкеліп, адал ниет ақ батамен өсірген ата-ана емес пе? Балалардың осы қуанышын бөлісіп отырған ата- анаға сөз береміз.

Жүргізуші: Сіздерге бүгінгі көңілді көңіл күйімізді тарту ате отырып, барша бүлдіршіндерге бақыт, ашық аспан, жарқын болашақ, тыныш өмір, шат күлкі, үлкенжетістіктер, сәттілік, ақ жол тілейміз.

Бекітемін:
ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы
меңгерушісі: Убайдуллаева Ж.М.



ЕРТЕҢГІЛІК
«Берекелі-алтын күз!»
«Балауса» ортаңғы тобы

Өткізген тәрбиеші: Абдуали Аяулым

2023жж

« Берекелі- алтын күз»мерекесінің сценаріі

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату.
Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші:Қарсы алайық бәріміз

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, ата – аналар, асыға күткен күз мерекесі де келіп жетті, баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Құттықтай отырып бүгінгі біздің кіші топтың «Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Төңірек толы сары алтын
Күз келді туған жеріме
Шуағы нұрлы жайнаған
Алтын күз әсем айналам

Мерекесі халықтың
Алтын күзді бастайық,
Алтын күзге арналған
Ертеңгілігімізді бастайық!

Ортамызға балаларды шақырып қарсы алайық!
(балалар орындықтардың алдына келіп тұрады)

Хормен

Үлкенге де сіз, кішіге де сіз,
Құрметпенен сіздерге, бас иеміз біз!

1 бала:

Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Күліп шықты күн бүгін
Мерекелі осы күн!

Шеңберге тұрып хормен:

Қуанамын мен де, қуанасың сен де,
Қуанайық достарым,
Арайлап атқан күнге!

Жүргізуші:

Тоңазып атырап,
Көп жеміс піседі.
Сарғайып жапырақ,
Судырап түседі.
Үстінеде егінжай,
Салқын жел соғады.

Гүл, жапырақ шөптер де,
Қуарып солады.
Айтыңдаршы, балалар
Бұл қай кезде болады?

Балалардың жауабы.

Қазір біздің балалар «Күзгі жапырақтар» биін билеп береді.
(Аналарына жасаған жапырақтарын беріп, орындарына отырады)

Ғажайып сәт: Әуенмен залға күз келеді.

Күз.

Сәлеметсіңдер ме балалар! сәлеметсіздер ме қадірлі қонақтар! Мерекелерің құтты болсын!

Жүргізуші:

Балалар, біздің мерекеге күз келіпті, қане барлығымыз тұрып амандасайық.

Балалар орындарынан тұрып амандасады.

Күз ханшасы:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан
Білмеймін тонғаныма, тойғаныма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан – деп Абай атамыз жырлағандай бүгін сендердің мерекелеріңді бірге қарсы алуға менде келдім. Баршаңызды алтын күз мересімен құттықтаймын! Күз бақыт, береке әкелсін!

Жүргізуші:

- Айтқаныңыз келсін, күз ханшасы. Сіз бізге күз дегеніміз не? Неге «Алтын күз» дейді деген сұрақтарға жауап беріңізші?

Күз ханшасы:

-Күз дегеніміз біріншіден байлық, молшылық қап-қап астық, картоп, жүгері, өрік, алма. Осының бәрі күзде піседі. Өне қараңдаршы! Дала да, егін де, тоғай да сап-сары. Сондықтан халық күзді «Алтын күз» дейді.

Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. «**Кім жылдам?**»

Ойын шарты: екі топқа бөлініп шашылған көкөністерді жинауларың керек.

Бір, екі, үш, ал қанеки үш!

Жүргізуші:

Тобымыздың сәнқойлары «Күздік киім» үлгісін көрсетеді.

Жүргізуші:

- Қазір біздің балалар жемістер мен көкөністердің аттарын атап, түстерін, пішіндерін айтып, сөз тіркестерін айтады.

Алма – жеміс, домалақ, түсі қызыл, дәмі тәтті.

Қияр – көкөніс, пішіні сопақша, түсі жасыл. т.с.с.

Жүргізуші:

Сонымен күзде қандай өзгерістер болатынын балалар айтып берсін:

- Күн суытады
- Жапырақтар сарғайып жерге түседі
- Жеміс-жидектер піседі
- Құстар жылы жаққа ұшып кетеді

- Жаңбыр жауады
- Егін жиналады
- Үйлерін ақтайды, сырлайды

Жүргізуші:

Қазір біздің балалар алтын күз туралы тақпақтарын айтып береді.

- | | | | |
|---------|--|---------|---|
| 1 бала: | Жайдары күз, жарқын күз,
Аяулы күз, алтын күз.
Дөңге толы ен далам,
Дариядай шалқып жүр | 5 бала: | Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр түседі |
| 2 бала: | Дала сары киінді
Самал соқты салқындау,
Қырманарға үйілді
Алтын астық, алтын тау. | 6 бала: | Көбейді құт береке,
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз. |
| 3 бала: | Құстар қайтты ән салып
Бұлт шарлады аспанды
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды. | 7 бала: | Күзім, күзім, күзім,
Пісті алма жүзім,
Тұрғанда бәрін күз беріп
Кел алайық біз теріп |
| 4 бала: | Жапырақ ұшты
Суық та түсті
Сондада бізге
Қызық көп күзде | 8 бала: | Алтын сары қызыл-көк,
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап. |

Жүргізуші:

Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян»

Шеңберге тұрып өлең айтады. «Жаңбыр, жаңбыр шулама»

Алтын күздің жұмбақтарын шешу.

Бойын жерге жасырған,
Бұрымы бар жасылдан (сәбіз)
Қалың киімді ұнатады,
Шешіндірсең жылатады (пияз)

Күз ханшасы:

Балаларға әкелген сыйлықтарын беріп, рахметін айтып қоштасып кетеді.

Жүргізуші:

Рахмет саған алтын күз. Ата-аналарға көп-көп рахмет, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін. Ертеңгілігіміз аяқталды, сау болыңыздар!





Бекітемін:
ЖШС «Бірыс-7» балабақшасы
меңгерушісі: Убайдуллаева Ж.М.

ЕРТЕҢГІЛІК
«Сайқы мазақта қонақта»
«Балауса» ортаңғы тобы

Өткізген тәрбиеші: Абдуали Аяулым

2023жж

Сайқымазақта қонақта.

Мақсаты: Балаларға мерекені сезіндіру, күлкі күні басқа мерекелерден айырмашылығын түсіндіру. Балаларға жақсы көңіл күй сыйлау.

Жүргізуші:

Бәріңе, бәріңе, бәріңе!

Қош келдіңіз бәріңізде.

Деп атайтын бәріңе

Ән айтып би билеңіздер

Көңілдене күліңіздер!

Балалар менің қолымдағы қағазға қараңдаршы. Бұл бұйрық жазылған қағаз сендерге оқып берейін .

Бұйырық №29

Бүгін бірінші сәуір күні

Балалар әлемінде

«Күлкі күні» деп жарияланады.

Бұл күні:

«Секіріп аунауға»

«Айқайлап шулауға»

«Қатты күліп ойнауға»

«Итше ырылдауға»

«Мысықша мияулауға» рұқсат етеді.

№29 «Нұрсая бөбекжай балабақша меңгерушісі»

Міне балалар 1-сәуір күлкі күніне қош келдіңдер.

-Балалар демек бүгін тамаша күн өткізуге дайынбызба?

Ән «Көктем келді»



Сайқымазақ: Ха-ха-ха

Жүргізуші: Ау сайқымазақ соншама күліп көңілдісің ғой, Бізге де айтсаңшы біз де күлейік.

Күлмейтінді күлдірген

Жүрген жерін бүлдірген

Көп ойнап көп күлетін

Сайқымазақ мен болам

Бәріңді күлкі күнімен

Мен сендерге күлкі сыйлағым келеді



Сайқымазақ: Сіз білесіз бе? Бүгін күлкі күні. Бұл күні адамдар бір-бірін алдауға, ойнап мазақтауға да болады. Бірақ та адамдар бір-біріне ренжімеу керек.

Жүргізуші: Солай ма? Сайқымазақ біздің де балаларымыз ойнағанды, көңіл көтергенді ұнатады. Олай болса мерекені бірге тойлайық.

Ал мына әдемі қорапта не бар?

Сайқымазақ: Бұл ма, бұл сыйқырлы қорап, бұл қораптағы затты көрі үшін алдымен жұмбағымның шешімін табыңдар.

Жұмбақ:

Ән салады чумадан

Іші жүр көп адам

Естімейді сөзіңді,

Сөлесенде сен оған.

-Ендеше мен сендерге сиқырлы тақтадан бір бейне баянды тамашалауға шақырамын.

Бейне баян «Екі езу»

Балалар сендерге ұнадыма, мерекеміздің әрі қарай жалғастырып ойын ойнайық.

Ойын: «Қатып қалу»

Әуен ойналып Мыстан келеді.

Мыстан:Ха-ха не сендер менсіз мереке тойламақсындар ма, қазір мен сендерді қатырып тастаймын.(ашуланып)

Жүргізуші:Мыстан ренжіме бүгін тамаша мереке күлкі күні оданша би билеп ән салып ,ойын ойнайық.

Мыстан: Мен осында келе жатып жолда бір суретшіні көрдім. Сурет салып отырған.

Ха-ха алдап оның суретін алып кеттим ненің суреті екенін қазір қарайын.

Мә ол сайқымазақтың суреті екен ғо. Бір жерін дұрыс салмаған екен ия балалар қараңдаршы, суретші нені салмапты?

Ойын: «Мұрын жапсыру»

Мыстан: Ал мықтылар,өңкей жүгірмектер мықты болсаңдар менің таяғымның астынан өтіңдерші, денелерің тиіп кетсе сыйқырлап тастаймын.

Ойын: «Кім епті»

Мыстан : Мыстан біздің балаларымыздың дайындаған тақпақтарын тамашала олар өте ақылды.

Тақпақ:

«Қасықпен шар тасу»

«Қасықпен шар тасу»

Сайқымазақ: Сендер ән айтқанды ұнатасыңдар ма? Олай болса мен сендерге тамаша ән үйретемін.Қазір біздер үш топқа бөлінеміз

1топ-Мысықтар

2топ-Иттер

3топ-Әтештер



Ал мен дирижормын. Менің таяғымды көтерген кезде дыбыстарды шығарамыз.

Ойын: «Оркестор»

Би «Көңілді қуыршақта»

Жүргізуші: Мыстан саған балалармен ойын ойнаған ұнады ма?

Мыстан: Ия тамаша сайқымазақ біз енді басқа балабақшаға барып балалардың көңілін көтерейік.

Сайқымазақ: маған да ұнады сендер өте ақылды, тапқыр, көңілді балалар екенсіңдер. Жақсы күндерде кездескенше сау болыңдар.

Коштасып шығып кетеді

Ән «Балабақша»

Күлкіні іздеме ол өзінде,

Күлкүні бағала өзін де.

Жаныңа шипа ем беретін,

Күлкі ғой бағала өмірде.

Балалар бүгінгі кеш бізге жақсысын сыйлады. Әркүніміз осындай қуанышқа толы болсын дей отырып барлығымызға сәттілік тілеймін. Денісіз сау болсын!

